

## "Қазақ Суарнажоба" мемлекеттік жобалау институты" мемлекеттік кәсіпорнын қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 шілдедегі N 752 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақ Суарнажоба" мемлекеттік жобалау институты" мемлекеттік кәсіпорны шаруашылық жүргізу құқығындағы "Суарнажоба" Қазақ мемлекеттік ғылыми-зерттеу және жобалау-ізвестіру институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны ("Суарнажоба ҚазмемҒЗЖИИ" РМК) (бұдан әрі - кәсіпорын) болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамаға сәйкес:

1) кәсіпорынның Жарғысын бекіту кезінде елді мекендер мен инфрақұрылымның тіршілігін қамтамасыз ететін инженерлік жүйелерді жетілдіру, сумен жабдықтау, кәріз және онымен байланысты гидротехникалық құрылыстар, қалдықтарды жою мен көму жүйелерін инженерлік іздестіру және жобалау мәселелері бойынша ғылым саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру оның қызметінің негізгі мәні деп а й қ ы н д а с ы н ;

2) кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

5. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*